Тазалау және техникалық қызмет көрсету ........ 15
- Күнделікті тазалау ........ 15
- Апта сайын тазалау ........ 15
- Қақтан тазарту ........ 16
Ақау коды / диагностика ........ 17
Ақауларды жою ........ 18
Клиенттерге қызмет көрсету ........ 19
Кепілдік шарттары ........ 20

# Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар

- Орнату және қызмет көрсету жұмыстарын мамандар атқаруға тиіс. Машинаны орнату және қызмет көрсету алдында міндетті түрде электр энергиясын өшіріп, сумен жабдықтауды тоқтатыңыз және машинаға техникалық қызмет көрсетіліп жатқаны туралы тақтайша іліп қойыңыз.
- Орнататын жердегі қуат көзі талаптарға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз және оны машинаның қуат кабеліндегі таңбалауға сәйкес дұрыс орнатыңыз.
- Ыдыс жуатын машина операторлары машинаны пайдалану мен сақтық шараларын білу үшін оқуы керек.
- Машина жұмыс істеп тұрған кезде күмбездің температурасы өте жоғары болады. Күйіп қалмау үшін күмбезге қол тигізбеңіз.
- Ыстық су шашырауына жол бермеу үшін машина жұмыс істеп тұрған кезде күмбезді ашпаңыз.
- Себетті алғанда күйіп қалмау үшін қорғаныш қолғабын киіп алыңыз.
- Машина табақ, тәрелке, саптыаяқ, пышақ, шанышқы, қасық, поднос және өзге ыдыстарды жууға арналған, оны басқа мақсатта пайдалануға болмайды.
- Қатты кірлеген болса, жуар алдында ыдысты суға салып қоюға кеңес беріледі.
- Бұл машинаға арнайы жуғыш құралдар мен коммерциялық ыдыс жуатын машиналарға арналған шайғыштар қолдану керек.
- Машинаның корпусын жоғары қысымды сумен жумаңыз.
- Бұл машина ай сайын тұрақты түрде коммерциялық ыдыс жуатын машиналарға арналған қақ кетіретін арнайы жуғыш құрал пайдалануды қажет етеді.

- Машина тазалау тиімділігін арттыру үшін жуу және шаю сорғысымен жабдықталған.
- Қарапайым басқару және пайдалану ыңғайлылығы. Күмбезін түсіріп, жуа бастауға болады.
- Машинаның жұмысқа дайындығын күту уақыты өте қысқа, машина қызу үшін небәрі 11 минуттай уақыт қажет.
- Экранға машинаның жағдайы шығады және бір қарағаннан-ақ қандай режимде екені түсінікті.
- Машинаның бүкіл құрылымы тот баспайтын болаттан жасалған.
- Батырмаларының бәрінде қатеден қорғау үшін кідіртетін функция бар.
- Төрт жуу бағдарламасы машинаны кірлеу дәрежесі әртүрлі ыдыстарды жуу үшін қолдануға мүмкіндік береді.
- Машина жуғыш құрал мен шайғыштың кіріккен дозаторларымен жабдықталған.

# Техникалық сипаттамалары

| ПАРАМЕТР | Мәндер |
|---|---|
| Себеттің өлшемі | 500x500 мм |
| Электрлік қосу | 3N-380В/50 Гц |
| Жалпы номинал қуаты | 9950 Вт |
| Электрлі қыздырғыштың қуаты | 9000 Вт |
| Жуу сорғысының қуаты | 750 Вт |
| Шаюға арналған сорғының қуаты | 200 Вт |
| Жууға арналған бактың көлемі | 17,2 л |
| Шаюға арналған бактың көлемі | 10,8 л |
| Су шығыны | 2,8 л/цикл |
| Габариттері (БхЕхТ) | 1340 (1740) x670x765 мм |
| Қаптамасының габариттері (БхЕхТ) | 1420x730x775 мм |
| Аяқтарын реттеу | ±25 мм |
| Үстелдің ұсынылатын биіктігі | 810 мм |
| Су беруді қосу | DN15 |
| Ағызуды қосу | диаметр 30 мм |
| Таза салмағы | 78,5 кг |
| Жалпы салмағы | 89,5 кг |
| Шу деңгейі | 78 дБ |

**⚠ МҰҚИЯТ!** **Жабдықты уәкілетті мамандар орнатуға және қолданысқа беруге тиіс**

## ■ Қаптамадан шығару және тексеру

Жабдықты қаптамасынан шығарған соң зақымдалған жерлері бар-жоғын тексеріңіз. Егер зақым анықталса, қаптау материалдарын сақтап қойыңыз және дереу жеткізушіге хабарласыңыз. Зақымдалған машинаны пайдалануға қатаң тыйым салынады.

# Құрамдас бөліктерінің тізімі

| АТАУЫ | СИПАТТАМАСЫ | САНЫ |
|---|---|---|
| Себет | Себет әмбебап<br>Табаны жалпақ себет | 1 д.<br>1 д. |
| Ағызу құбыры | Ұзындығы 1 метр, d=30 мм | 1 д. |
| Құю құбыршегі | Ұзындығы 1 метр, Dn15 | 1 д. |
| Жуғыш құралға арналған жалғағыш | Ақ қалпақша | 1 д. |
| Шайғышқа арналған жалғағыш | Көк қалпақша | 1 д. |

## Су беруді қосу

- Бұл машинаға сапасы СанПиН 1.2.3685-21-ге (максимал кермектігі - 7°Ж) сәйкес ауыз су пайдалану керек. Минералдар көп шоғырланған су үшін минералдарды жоятын сыртқы құрылғы орнату қажет.
- Су қысымы: 0,02-0,4 МПа
- Су берілуін электромагнитті клапанға құю құбыршегінің көмегімен қосыңыз.

**⚠ МҰҚИЯТ!**

**Су беру құбырын майыстырмаңыз. Электромагнитті клапан үнемі тазалап тұруды қажет ететін қорғаныш сүзгісімен жабдықталған.**

## Ағызуды қосу

**⚠ ЕСКЕРТУ**

Кәріз құбырының биіктігі 10 см-ден аспауы керек, әйтпесе су ағызғанда мәселе туындайды.

Ағызу құбырын суға арналған бактың ұшына жалғаңыз және құбыршектің қысқышын тартыңыз, құбырдың екінші ұшын кәріз құбырына орнатыңыз.

# Қуат көзіне қосу

## Подключение питания

**⚠ МҰҚИЯТ!** **Қуат көзіне қосу жұмысын уәкілетті техникалық маман атқаруға тиіс.**

- Бұл машинаның электр қуаты желісіне ағып кетуден қорғанышы бар (30мА) барлық полюсті өшіретін сыртқы құрылғы (40А) орнатылуы керек.

Электрлік параметрлерін машинаның зауыт орнатқан тақтайшасынан көріңіз.

- Қуат көзі машинаның зауыт орнатқан тақтайшасындағы параметрлерге сәйкес болуға тиіс.
- Қуат желісінің сақтандырғышы мен кабельдің ток өткізетін тарамы талаптарға сай болуы қажет.
- Эквипотенциалды сымдар EN 60335-ке сайқосылуға тиіс.

Эквипотенциалды сымдар клеммалар бір-біріне құрылғының не жүйенің барлық бөлігі бірдей потенциалға ие болатындай етіп жалғануы керек екенін білдіреді. Эквипотенциалды жалғағыш бұранда белгі астында орналасқан.

## Жуғыш құрал мен шайғыштың дозаторларын қосу




- Машина екі кіріккен дозатормен жабдықталған.
- Жалғағыштарды суретте көрсетілгендей етіп орналастырыңыз.
- Жалғағыш келтеқұбырларды жуғыш құрал мен шайғыштың контейнерлеріне сәйкесінше қойыңыз.
- Жуатын және шаятын құралдар машина жұмыс істеп тұрған кезде оған автоматты түрде беріледі.

**⚠ ЕСКЕРТУ**

Ыдыс жуатын машиналарда коммерциялық ыдыс жуатын машиналарға арналған арнайы жуғыш құралдар мен кептіруге арналған құралдарды пайдалану қажет. Тұрмыстық жуғыш құралдарды пайдалануға тыйым салынады.




| БАТЫРМА | СИПАТТАМАСЫ | ФУНКЦИЯ |
|---|---|---|
|  | Қосу/Сөндіру | Машинаны қосу және сөндіру үшін мына батырманы басып, 5 сек бойы ұстап тұрыңыз |
|  | Уақытша жұмыс батырмасы | Егер су багы қажет деңгейге дейін толғанмен су қызбаса, мына батырманы басу және 5 секунд бойы ұстап тұру қыздырмай жуу бағдарламасын іске қосады. |

| | |
|---|---|
|  | Жуу бағдарламасын таңдау үшін 1/2/3/4 батырмасын басыңыз және оны 5 секунд бойы ұстап тұрыңыз. |

## Жуу бағдарламасының ұзақтығы

| БАҒДАРЛАМА | ЖАЛПЫ УАҚЫТЫ сек. | ЖУУ УАҚЫТЫ сек. | КІДІРІС сек. | ШАЮ сек. |
|---|---|---|---|---|
| P1 | 60 | 45 | 5 | 10 |
| P2 | 75 | 60 | 5 | 10 |
| P3 | 90 | 75 | 5 | 10 |
| P4 | 120 | 105 | 5 | 10 |

# Дисплейдегі ақпарат




Күй индикаторлары | Ағымдағы күйі | Жұмыс индикаторлары | Таңдалған бағдарламаның параметрлері

## Дисплейдің түсі

Машина қосулы және күту режимінде болса не жұмыс істемей тұрса, экран көк болып жанады. Машина жуу процесінде болса, экран қызғылт сары болып жанады.

| КҮЙ ИНДИКАТОРЛАРЫ | СИПАТТАМАСЫ |
|---|---|
| S1 | Басқару тақшасы дұрыс істеп тұр |
| S2 | Бак дұрыс толады |
| S3 | Қыздырғыш дұрыс істеп тұр |
| OK | Машина пайдалануға дайын |

| АҒЫМДАҒЫ КҮЙІ | СИПАТТАМАСЫ |
|---|---|
|   | Жуу уақытындағы су температурасы |
|   | Шаю уақытындағы су температурасы |

| ЖҰМЫС ИНДИКАТОРЛАРЫ | СИПАТТАМАСЫ |
|---|---|
|  | P1/P2/P3/P4 - ағымдағы жуу бағдарламасы |
|  | Күмбездің жабық күйінің датчигі |
|  | Жуу процесі аяқталғанын білдіретін сигнал |
|  | Жуғыш құрал мен шайғышты дозалау |
|  | Машина жуу процесінде |
|  | Машина шаю процесінде |
|  | Жуу багы суға толы |
|  | Шаюға арналған бактағы судың деңгейі қыздыруға қойылатын талаптарға сай |
|  | Жуу багы қызып жатыр |
|  | Шаюға арналған бак қызып жатыр |
|  | Жуу багына су толып жатыр |
|  | Шаюға арналған бакқа су толып жатыр |

| ТАҢДАЛҒАН БАҒДАРЛАМАНЫҢ ПАРАМЕТРЛЕРІ | СИПАТТАМАСЫ |
|---|---|
|  | Жуу температурасының белгіленген мәні |
|  | Шаю температурасының белгіленген мәні |
|  | Дозатордың жұмыс уақыты |
|  | Жуу процесінің ұзақтығы |
|  | Шаю процесінің ұзақтығы |

## Сыртқы жалғағыштарды тексеру

- Су беру және ағызу жалғағышын тексеріңіз.
- Қуат кабелінің жалғанғанын тексеріңіз.



## Ішкі жалғағыштар мен қосылыстарды тексеру

- Торлы сүзгіні алып, құйғыш құбыр тығыз орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Жоғарғы және төменгі жуу бүріккіштерінің бекіткіш сомындары тартып бұралғанына көз жеткізіңіз.
- Болат кронштейнді орнатыңыз.

## Жуғыш құрал және шайғыш



- Бұл машина кіріккен дозатормен жабдықталған.
- Контейнерде жуғыш құрал мен шайғыш жеткілікті екенін тексеріңіз.







## Машинаны қосу

- Тұтқасынан ұстаңыз және жоғарғы күмбезді жабыңыз/түсіріңіз.
- Су беру кранын ашып, қуат көзіне қосыңыз.
- Машинаны іске қосу үшін қосу/сөндіру батырмасын басып, 5 секунд ұстап тұрыңыз. Автоматты түрде бак суға толып, қыздыру басталады. Бұл процесс - күту режимі - 11 минутқа жуық уақыт алады.
- Бұл уақыт аяқталған кезде экранның сол жақ төменгі бұрышында "OK" индикаторы пайда болады да, екі рет машина жұмысқа дайын екенін білдіретін сигнал естіледі.




### ⚠ ЕСКЕРТУ

3 және 4-батырманы бір уақытта басып, ұстап тұрса дозатор үздіксіз режимде жұмыс істей бастайды.

Бұл процедураны машинаны алғаш қолданған кезде дозатор түтіктеріндегі ауаны шығару үшін өткізуге кеңес беріледі.

## Ыдыстарды дайындау



- Ыдыстарды себетке салмай тұрып ірі тамақ қалдықтарын алып тастаңыз (май және сорпа сұйықтығын кетірудің қажеті жоқ).
- Күйген не қатып қалған тамақ қалдықтары болса, жуар алдында ыдысты суға салып алуға кеңес беріледі.

## Ыдыстарды орналастыру



Ыдыстарды ішкі жағын су ағынына қарап тұратындай етіп орналастырыңыз.

- Ыдыстардың бәрін, мысалы кастрөл, табақ және шыны, бокал мен саптыаяқты түбін жоғары қаратып қою керек.
- Тәрелке мен жалпақ ыдысты істіктері бар әмбебап себетке тігінен қойыңыз.
- Асхана аспаптарын жуу үшін түбі жалпақ себет пайдаланыңыз.

**⚠ ЕСКЕРТУ** Ыдыс-аяқ пен асхана аспаптарын дұрыс орналастырмау жуу сапасын нашарлатады.

## Жуу бағдарламасын іске қосу




- Үстіңгі күмбезді ашып, себетті машинаға орнатыңыз.
- Күмбезді жауып, сәйкес бағдарламаның батырмасын басыңыз, машина жуу процесін іске қосады.
- Жуу процесі аяқталған соң 4 дыбыстық сигнал беріледі.
- Күмбезді ашпай тұрып дыбыстық сигнал аяқталғанын күтіңіз.
- Келесі жуу бағдарламасын іске қосу үшін жоғарыда аталған әрекеттерді қайталаңыз.

**Кеңес:** Ыдыс жақсы кебу үшін оны себеттен шығармай тұрып I минут күтіңіз.

## Бағдарлама таңдау




- Өте майлы және кірлеген ыдысты үшін жуу уақыты анағұрлым ұзақ бағдарлама таңдаған дұрыс.
- Алдыңғы жуу бағдарламасын қайта пайдалануды жоспарласаңыз, бағдарламаның батырмасын қайта-қайта басудың қажеті жоқ. Бағдарламаны бір рет таңдағанда машина күмбезді жапқан кезде таңдалған бағдарлама бойынша жуу процесін автоматты түрде іске қосады.




## Машинаны сөндіру

- Машинаны сөндіру үшін қосу/сөндіру батырмасын басып, 5 секунд бойы ұстап тұрыңыз.
- Қуат көзінен ажыратып, су беретін кранды жабыңыз.



**⚠ ЕСКЕРТУ**

Жұмыс кезінде күмбез ашылса, машина жұмысын тоқтатады. Күмбез жабылған кезде машина жуу процесін қайта бастайды.

**⚠ МҰҚИЯТ!**

Ыстық су шашырап, күйіп қалмау үшін жуу процесінде күмбезді ашуға қатаң тыйым салынады.



**⚠ МҰҚИЯТ!**

Бұл машина күмбезді ашық күйде ұстап тұартын екі тартқыш серіппемен жабдықталған. Күмбезді жапқан кезде саусағыңыз қысылып қалмау үшін абай болыңыз.



**⚠ МҰҚИЯТ!**

Жұмыс істеп тұрған кезде машинаның күмбезі қызады. Күйіп қалмау үшін корпусқа қол тигізбеңіз, күмбезді ашып-жабу үшін тұтқасын пайдаланыңыз.

## Күнделікті тазалау

**⚠ ЕСКЕРТУ** Машинаны тазалау бойынша мына әрекеттерді күнделікті орындаған жөн.



Кәдімгідей май қалатын болса, машинаны пайдаланған сайын тазалаған абзал.

- Күмбезді ашып, болат кронштейнді алыңыз.



- Қоқысты тот баспайтын торлы сүзгіге жинап, оны шығарыңыз да, сумен жуыңыз.
- Құйғыш құбырды шығарып, су бағын босатыңыз.



- Бактың ішкі бетін тазалаңыз.
- Содан кейін құйғыш құбырды орнына қойыңыз.
- Торлы сүзгіні орнына орнатыңыз.

## Апта сайын тазалау

**⚠ ЕСКЕРТУ** Машинаны тазалау бойынша мына әрекеттерді апта сайын орындау қажет.



Кәдімгідей май қалатын болса, машинаны күнде тазалаған жөн.

- Болат кронштейнді алыңыз.
- Жуу бүріккішінің бекіткіш сомынын сағат тіліне қарсы бұраңыз. Ақ төсемді жоғалтып алмау үшін мұқият болыңыз.



- Жуу бүріккішін алып, жуыңыз, содан соң тазалап, орнына қойыңыз.
- Сомынды орнына қойып, тартып бұраңыз.
- Жоғарғы жуу бүріккішіне де дәл осы процедураны

## Қақ кетіру




Қақ кетіру әрекетін ай сайын жасауға кеңес беріледі.

- Суды өңдеу жүйесін қолданбай кермек су пайдаланған жағдайда (0,5 ммоль/л) қыздырғыштың, бактың және жуу бүріккішінің бетінде қақ (минералды қалдықтар/ әк қонбасы) түзіледі.
- Қақ кетіру тәсілі:

  800-1000 мл қақ кетіретін сұйықтықты жуу және шаюға арналған бактарға құйып, 15-20 минут қалдырыңыз, содан кейін суды толығымен төгіңіз және бактарды таза сумен жуыңыз.
- Қақтың тым көп болуы жуу сапасына әсер етеді және машинаны қалыпты пайдалануды қиындатады. Суды жұмсарту үшін су өңдеу жүйесін орнатуға кеңес береміз.

**⚠ ЕСКЕРТУ**

Кепілдік бойынша міндеттемелер судың нашар спаасы мен қақ түзілуі салдарынан пайда болған ақауларды қамтымайды!

### Төмен температурада қатып қалуының алдын алу



- Машина тұрған орынжайдағы қоршаған орта температурасы қату нүктесінен төмен болса, бактағы суды төгіп тастау қажет. Машинаның ішіне мұз түзілуіне жол бермеңіз, бұл бөлшектері мен тораптарын зақымдауы мүмкін.

# Ақау кодтары / диагностика




Машинаның жұмысынан кемшілік шыққанда ақау коды тікелей экран аймағының үстіне шығады.

Ақау кодтарының сипаттамаларыкестеде көрсетілген:

| Код | Сипаттамасы | Ақаудың ықтимал себебі |
|---|---|---|
| ERR1 | Шаюға арналған бак белгіленген уақытта суға толмайды | • Су қысымы жеткіліксіз<br>• Шайғыш шашуға арналған тесік бітеліп қалған<br>• Енгізу клапаны зақымдалған<br>• Су деңгейі датчигінің ақауы |
| ERR2 | Су деңгейі датчигінің ақауы | • Жуу бағындағы су қуат көзінен ажыратпай тұрып төгілген.<br>• Құйғыш құбыр дұрыс орнатылмаған.<br>• Шаю сорғысының ақауы. |
| ERR3 | Жуу бағы белгіленген уақытта суға толмайды | • ERR1-ге ұқсас<br>• Қыздырғыштың ақауы<br>• Құйғыш құбыр дұрыс орнатылмаған<br>• Шаю сорғысының ақауы |
| ERR4 | Күмбез датчигінің ақауы | • Күмбез датчигінің ақауы<br>• Бұл код күмбез ұзақ уақыт ашық қалғанда да шығады |
| ERR5 | Соңғы рет пайдаланған соң бактағы су төгілмеген | • Соңғы рет пайдаланған соң бактағы су төгілгеннен кейін де осы код шығып тұрса, су деңгейі датчигінің дұрыстығын тексеріңіз |
| ERR6 | Су деңгейі датчигінің сезімталдығы төмендеп барады | • Су деңгейі датчигін әк қонбасы не май қабаты жауып қалған<br>• Құйғыш құбырдың тесігі бітеліп қалған |
| ERR7 | Қыздырғыштың ақауы | • Қыздырғышты әк қонбасы жауып қалған.<br>• Қыздырғыштың ақауы. |
| ERR8 | Жуу бағының температурасы датчигінің ақауы | • Температура датчигінің ақауы |
| ERR9 | Шаюға арналған бак температурасы датчигінің ақауы | • Температура датчигінің ақауы |

| Ақау типі | Ықтимал себебі | Ақауды жою |
|---|---|---|
| Жуу сапасы нашар | Ыдыс дұрыс қойылмаған | Ыдысты кеңестерге сәйкес себеттерге дұрыс қойыңыз |
| | Жуу бүріккіші біркелкі айналмайды | Жуу бүріккішін бөгде заттар жауып тұрмағанын тексеріңіз |
| | Жуу бүріккішінің форсункасы бітеліп қалған | Бүріккіштің саптамасын тазалаңыз |
| | Шаюға арналған бүріккіштің форсункасы бітеліп қалған | Бүріккіштің саптамасын тазалаңыз |
| | Жуғыш құрал жеткіліксіз | Жуғыш құрал дұрыс беріле ме, тексеріңіз |
| | Су температурасы тым төмен | Қыздырғышта әк қонбасы не зақымдар бар-жоғын тексеріңіз |
| | Торлы сүзгіде қоқыс тым көп | Торлы сүзгіні алып, тазалаңыз |
| Кептіру сапасы нашар | Шайғыш жеткіліксіз | Шайғыш жеткілікті беріле ме, тексеріңіз |
| | Ыдыс дұрыс қойылмаған | Ыдысты жууға арналған себеттерге кеңестерге сәйкес дұрыс орналастырыңыз |
| | Ыдыстар машинадан уақытылы шығарылмаған | Жуу процесі аяқталған соң ыдыстарды уақытылы шығарыңыз |
| | Су температурасы тым төмен | Қыздырғышта әк қонбасы не зақымдар бар-жоғын тексеріңіз |
| Жуғаннан кейін ыдыста қалдық не дақ қалады | Шайғыш тым көп | Қолданылатын шайғыштың мөлшерін азайтыңыз |
| | Судың кермектігі тым жоғары | Судың өңделуін қамтамасыз ету керек |
| | Шаюға арналған бүріккіштің форсункасы бітеліп қалған | Бүріккіштің саптамасын тазалаңыз |

# КЛИЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

## Клиенттерді қолдау қызметі

Біз Haier компаниясының клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласуды, сондай-ақ бірегей қосалқы бөлшектер пайдалануды ұсынамыз. Егер сіздің тұрмыстық техникаңызбен қиындықтар туындаса, алдымен «Ақау іздеу және жою» бөлімін оқып шығыңыз.
Егер сіз мәселенің шешімін таппаған болсаңыз, мыналарға хабарласыңыз:
— өзіңіздің ресми дилеріңізге немесе
— біздің колл-орталыққа: **8 (800) 070-01-29 (РК)**
— **https://haieronline.kz/** сайтына, онда қызмет алуға өтінім қалдыра аласыз, сонымен қатар жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.
Біздің қызмет көрсету орталығымызға хабарласып, паспорт тақтасында және чекте таба алатын келесі ақпаратты дайындаңыз:

Моделі ___________________________________
Сериялық нөмірі ___________________________
Сатылған күні _____________________________

Сонымен қатар кепілдіктің және сату туралы құжаттардың барын тексеріңіз
Маңызды! Аспапта сериялық нөмірдің болмауы Өндіруші үшін құрылғыны сәйкестендіруді және соның салдарынан оған кепілдік бойынша қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді.
Құрылғыдан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады.
Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.
Осы құжатқа алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізілуі мүмкін. Өндіруші қосымша ескертусіз өнімнің құрылымы мен толымдалуына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.
Өнім Еуразиялық экономикалық (Кедендік) одақтың техникалық регламенттері талаптарына сәйкес келеді.
№ ЕАЭС N RU Д-CN.РА03.В.29734/25 сәйкестік декларациясы 01.04.2025 ж-дан 30.03.2030 ж-ға дейін күшінде болады.
* Анағұрлым толық ақпарат Еуразиялық экономикалық одаққа сәйкестігі туралы берілген сәйкестік сертификаттары мен тіркелген декларацияларының Бірыңғай тізілімінде көрсетілген.

**Құрметті сатып алушы!**

Haier корпорациясы таңдауыңыз үшін алғыс білдіріп, пайдалану, орнату (монтаждау) және техникалық қызмет көрсету ережелерін сақтаған жағдайда бұйымдардың (тауардың) жоғары сапасы мен мінсіз жұмыс істеуіне кепілдік береді. Коммерциялық кір жуғыш машинаның ресми қызмет мерзімі бұйымды түпкілікті тұтынушыға берген күннен бастап 7 жылды құрайды. Өнімнің жоғары сапасын есепке алғанда, нақты қызмет мерзімі ресми мерзімнен едәуір жоғары болуы мүмкін. Алайда, қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін дайындаушы тұтынушыға бұйымды мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндеттенбейді және тұтынушының өміріне, денсаулығына қауіп төндіретін, оның мүлкіне немесе қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін елеулі кемшіліктер үшін жауап бермейді. Дегенмен, бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін сіз бұйымға қосымша ақыға диагностикалық жұмыстарды жүргізу, кәдеге жарату жөнінде ақпарат алу үшін Авторландырылған сервистік орталыққа жүгіне аласыз.
Түсініспеушіліктерді болдырмау үшін сізден сатып алу кезінде пайдалану құжаттамасын, тауарға кепілдік міндеттемелерінің шарттарын мұқият зерделеуді, сондай-ақ тауарды сату кезінде оған қоса берілетін құжаттарды (тауар чегі немесе кассалық чек, пайдалану құжаттамасы, жүкқұжаттар) қызмет мерзімі бойы сақтауды сұраймыз.
Haier корпорациясы өнімнің кемшіліктері анықталған жағдайда тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы қолданыстағы заңнамада, өзге де нормативтік актілерде белгіленген тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыру жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдағанын растайды. Алайда, Haier корпорациясы төменде көрсетілген шарттар орындалмаған жағдайда бұйымға кепілдік қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

**Кепілдікті және шарттары**

Haier корпорациясы тауарды тұтынушыға табыстап берген күннен бастап 12 ай кепілдікті мерзімді белгілейді. Ықтимал түсінбестікке жол бермеу үшін бұйымды сатқан кезде оған қоса берілетін құжаттарды (тауар чегі немесе кассалық чек, пайдалану құжаттамасы, жүкқұжаттар) қолдану мерзімі ішінде сақтаңыз.
Кепілдікті тек уәкілетті Haier қызмет көрсету орталықтары көрсетеді. Уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының толық тізімін алу үшін келесі нөмірлерге қоңырау шалу арқылы Haier байланыс орталығына хабарласыңыз:
8 (800) 070-01-29 — Қазақстаннан келген тұтынушылар үшін (Қазақстан өңірлерінен тегін қоңырау шалу)
немесе https://haieronline.kz/ сайтында немесе support-kz@haieronline.kz электрондық поштасында.
Уәкілетті қызмет көрсету орталықтары өзгеруі мүмкін, толық ақпарат алу үшін Haier байланыс орталығына хабарласыңыз.

**Кепілдікті көрсету ақ ауларыкелесі салдарынан туындаған бұйымдарға таратылмайды:**

— тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау шарттары мен ережелерін бұзу;
— бұйымды дұрыс орнатпау және/немесе іске қосу;
— тоңазыту контурымен және электрлік қосылыстармен жұмыс технологияларын бұзу, сондай-ақ Бұйымды монтаждау үшін құжаттармен расталған, тиісті біліктілігі болмаған тұлғаларды тарту;
— пайдалану құжаттамасында талап етілгендей, Тауарға уақтылы қызмет көрсетілмесе;
— сұқұбыр желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысым

— бұйымның осы түріне сәйкес келмейтін жуғыш құралдарды қолдану, сондай-ақ жуғыш құралдардың мөлшерлемесін асып кету;
— бұйымды тағайындалмаған мақсаттарында пайдалану;
— үшінші тұлғалардың әрекеттері: уәкіл етілмеген тұлғалармен жөндеу немесе өндірушімен санкцияланбаған құрылмалық немесе сұлбалық техникалық өзгерістерді енгізу;
— Стандарттардан және желілерді қуаттаушы нормалардан ауытқу;
— еңсерілмейтін күштердің әрекеттері (апат, өрт, найзағай және т.б.);
— жазатайым оқиғалар, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері;
— егер бұйым ішіне бөгде заттар, сұйықтықтар, жәндіктер, жәндіктердің тіршілік ету өнімдері түскеннен ақаулар анықталған болса;
— су жылытқыштың сумен толтырылмаған / толық толтырылмаған бәгін қосу салдарынан термоқорғаныстың іске қосылуы.

**Кепілдікті көрсету келесі жұмыс түрлеріне таратылмайды:**

— бұйымды пайдалану жерінде орнату және іске қосу;
— тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқау және кеңес беру;
— бұйымды сыртынан немесе ішінен тазарту.

**Төменде аталған шығыс материалдар мен аксессуарлар кепілдікті көрсетуге жатпайды:**

— желдеткіштерге арналған сүзгілер;
— кір жуғыш / ыдыс жуғыш машиналар үшін суды жеткізуге / ағызуға арналған сүзгілер, құбыршектер;
— шаңсорғыштарға арналған құбыршектер, түтіктер, қылшақтар, қондырмалар, шаңжинағыштар;
— қысқа толқынды пештерге арналған тәрелкелер, істіктер, ыдыстар мен тіреуіштер;
— сүзгілер, иісті сіңіргіштер, ләмпішкелер, сөрелер, жәшіктер, тіреуіштер және тағамдарды тоңазытқышта сақтауға арналған өзге сыйымдықтар;
— басқару пульттері, аккумуляторлық батареялар, қуаттандыру элементтері, сыртқы қуаттандыру блоктары және зарядтау құрылғылары;

— бұйымға қоса берілетін құжаттама. Бұйымға мерзімді қызмет көрсету (сүзгілерді ауыстыр және т.б.) тұтынушының қалауы бойынша қосымша төлеу арқылы жүргізіледі.

**Маңызды!** Аспапта сериялық нөмірінің болмауы Өндірушіге аспапты сәйкестендіру мүмкіндігін бермейді және осы салдарынан оған қызмет көрсету мүмкіндігі болмайды. Аспапта зауыттық сәйкестендіруші маңдайшаларды алып тастауға тыйым салынады.
Зауыттық маңдайшаларының зақымдалуы немесе болмауы кепілдікті міндеттемелерден бас тартудың себебі болуы мүмкін.

Изготовитель: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Room S401, Haier Brand building, Indusrtry park Hi-tech Zone, Laoshan Disrtict, Qingdao, China

Өндіруші: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Рум S401, Хайер бренд билдин г, Хайер индастри парк Хай-тек зон, Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай

Уполномоченная организация / импортер:
ООО «ХАР», 121099, город Москва, Новинский бульвар, дом 8, этаж 16, офис 1601

Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым/ импорттаушы:
«Хайер Мидл Эйжа» ЖШС, 050000, Алм аты қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат.

Уполномоченная организация в Республике Казахстан:
ТОО «Хайер Мидл Эйжа», 050000, город Алматы, Медеуский район, Проспект Достык, дом 210

Сделано в Китае
Қытайда жасалған

Дата изготовления и гарантийный срок указаны на этикетке устройства

Өндірілген күні мен кепілдік мерзімі құрылғы жапсырмасында көрсетілген.